



АРАЛ ТЕҢІЗІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ӘЛІ ДЕ МҮМКІН БЕ?

Арал әлемдегі ең үлкен төртінші көл болатын, алайда Кеңес Одағының негізінен мақта өндірісі үшін жүзеге асырған кең ауқымды су бұру және суландыру қызметіне байланысты 1960 жылдан бері су көлемінің 90%-ға жуығын жоғалтты. Бұл қазіргі уақытта әлемдегі ең ірі техногенді экологиялық апаттардың бірі болып табылады. Себебі теңіздің құрғауы және соның салдарынан орын алған шөлейттену үрдісі жер ресурстары мен биологиялық әр алуандылықтың бұзылуына, зор әлеуметтік-экономикалық шығындарға әкеліп, жергілікті тұрғындардың денсаулығына теріс әсер етті. Теңіз түбінен көтерілген улы тұз және зиянды химиялық қосылыстары бар шаңды дауылдар тек іргелес өңірлерге ғана емес, сондай-ақ Ресейдің Қиыр Солтүстігіне дейінгі жерлерге де залал келтірді. Солтүстік (Кіші) Арал теңізі мен Оңтүстік (Үлкен) Арал теңізі болып екі бөлікке бөлінген теңізде жүк тасымалдау және балық аулау да толығымен тоқтатылды.

1993 жылы наурыз айында Орталық Азияның бес мемлекеті экологиялық дағдарысты еңсеру және оның әлеуметтік-экономикалық салдарын жою үшін Халықаралық Аралды құтқару қорын (ХАҚҚ) құрды. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік банк және донор елдердің қолдауымен ХАҚҚ Арал теңізі аймағына бағытталған ұлттық және халықаралық көмек бағдарламаларын үйлестіруге жауапты болып, бастапқыда айтарлықтай белсенді болғанын атап өткен жөн. 2008 жылғы желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл қорға бақылаушы мәртебесін беру туралы қарар қабылдап, оның рөлін ресми түрде бекітті. Алайда, аймақтық елдер мен олардың суды пайдалану және басқару саясаттары арасындағы келіспеушіліктер салдарынан теңізді құтқару, экологиялық қауіптерді азайту және Арал теңізі бассейнінде орнықты дамуға жәрдемдесу жөніндегі бірлескен күш біртіндеп жойылып, оның орнына біржақты шаралар қабылдана бастады.

Осыған байланысты Қазақстанның Солтүстік Арал теңізін жандандыру жөніндегі қызметі ең табысты болды. 2005 жылы Қазақстан Дүниежүзілік банкпен серіктесе отырып, оңтүстік Арал теңізіне құйылатын су көлемін азайту үшін теңіздің солтүстік және оңтүстік бөліктерін байланыстыратын тар арна бойынша ұзындығы 12 км болатын Көкарал бөгетін салды. Көкарал контррегуляторын салу және Сырдария өзенінің төменгі бассейніндегі өзен арнасында ауқымды жақсарту жұмыстарымен қатар, Көкарал бөгеті Солтүстік Арал теңізіне су ағынын арттыруға мүмкіндік берді. Су деңгейінің жоғарылауы және су тұздылығының төмендеуі қазіргі жағалауы Арал қаласынан 20 км қашықтықта жатқан теңіздің солтүстік бөлігін қалпына келтіруге және

Қазақстанның Арал теңізі аймағында балық шаруашылығын жандандыруға септігін тигізді деуге болады. Бұл өз кезегінде жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, балық өнімдерін экспорттауға мүмкіндіктер туғызды.

Алайда аймақтағы басқа елдер бұл мәселе бойынша жеткілікті дәрежеде әрекет етпегендіктен, Арал теңізінің негізгі оңтүстік бөлігі тартыла берді. Өзбекстан суландыру үшін өзен алқаптарын пайдалануды жалғастырды және Оңтүстік Арал теңізін қалпына келтіру бойынша белсенді жұмыс жүргізбеді. Ал Тәжікстан Амудария өзенінің ағысы – Вахш өзенінде Рогун су электр станциясын салу жұмыстарымен айналысты. Түрікменстан Амудария өзені бассейнінен су тартып, Қарақұм шөлінде Алтын Асыр көлін құру туралы жобаны іске қосса, Қырғызстан 2016 жылы ұйым «суды пайдаланудың гидроэнергетикалық аспектілері мен жеке Орталық Азия мемлекеттерінің қажеттіліктерін ескермегендіктен» ХАҚҚ-ның іс-шараларына қатысуын тоқтататынын мәлімдеді.

Алайда, 2018 жылдың 24 тамызында Түрікменбашыда өткен және Қырғызстан президенті құрметті қонақ ретінде қатысқан ХАҚҚ құрылтайшы мемлекеттері басшыларының саммиті үлкен серпіліс әкелді деуге болады. 2009 жылдың сәуір айында Алматыда өткен саммиттен бері алғаш рет ұйымдастырылған кездесу Арал теңізі мәселесінде аймақтық ынтымақтастықты жаңартуға серпін береді деген үміт бар. Саммит нәтижесінде қабылданған бірлескен коммюникеге сәйкес, тараптар аймақтағы барлық елдердің мүдделерін ескере отырып және тату көршілік пен өзара құрмет қағидаттарына сүйене отырып, Арал теңізі бассейнінде бірлескен кешенді басқару, су ресурстарын ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау туралы бұрынғы шешімдерге өздерінің міндеттемелерін растады. Аймақ елдерінің басшылары Арал теңізі дағдарысына байланысты ортақ су мәселелері мен басқа да экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу әдістерін үйлестіруге кезек екенін және бір-бірімен келісілген шараларды қабылдау қажеттігін атап өтіп, Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету бағдарламасының төртінші кезеңін дамыту маңыздылығына назар аударды. Сондай-ақ, тараптар Түрікменстанынан Арал теңізі бассейніндегі елдер үшін арнайы БҰҰ бағдарламасын қабылдау туралы бастамасын да қолдады. Бағдарлама барлық мүдделі тараптардың қатысуымен Арал теңізі дағдарысын шешудің кешенді әдісін ұсынуға бағытталған.

ХАҚҚ өзінің қазіргі форматында тиімді құрылым болып табылмайды, сондықтан бес елдің президенттері жаңа сын-қатерлерге уақтылы жауап беретін тиімді, әрі

тұрақты институционалды тетікті құру мақсатында қордың ұйымдастырушылық құрылымы мен құқықтық базасын одан әрі жетілдіруге дайын екендігін білдірді. Бұл құрылым мен база, сондай-ақ, Арал теңізін құтқаруға, Арал теңізі бассейнінің экологиялық сауықтыруға және су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғауға бағытталған өңірлік жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуі тиіс. Бұл мәселені шешу үшін аймақтық жұмыс тобы құрылды, оның келесі кездесуі 2019 жылдың мамыр айында Түрікменстанда өтеді.

Орталық Азия мемлекеттерінің Аралды құтқару жөніндегі ынтымақтастық бойынша міндеттемелерін қайта жаңарту нақты нәтижелер әкелетіні туралы айтуға әлі ерте. Қазіргі уақытта Қазақстан Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін Арал қаласына жақындатуға мүмкіндік беретін теңіздің солтүстік бөлігін қалпына келтіруге арналған жобаның екінші кезеңін өз есебінен жүзеге асыруда. Өзбекстан болса елдің экологиялық апатқа ұшыраған аймақтарында әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған «2017-2021 жылдарға арналған Арал аймағын дамыту бағдарламасын» қабылдады. Бұған қоса, өзбек тарапы шаңды дауылдарды болдырмау және жергілікті флора мен фаунаны ішінара қалпына келтіру үшін бүгін Аралқұм деген атпен белгілі Оңтүстік Арал теңізінің құрғап қалған түбінде сексеуіл және басқа тұзға төзімді өсімдіктерді жаппай отырғызуда. Сонымен бірге, басқа да аймақтық елдер Арал теңізі мәселесін шешуге өз үлестерін қосуға дайын екендігін көрсетуі қажет. Қазіргі таңда Тәжікстан мен Түрікменстан «Алтын Асыр» және «Рогун» сияқты ірі жобаларын жүзеге асыруды жалғастыр жатса, Қырғызстан ХАҚҚ-қа қатысуын қайта қалпына келтіру үстінде.

Теориялық тұрғыдан Арал теңізін бұрынғы қалпына кайтаруға болады, бірақ іс жүзінде бұған Орталық Азия мемлекеттерінен ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлемдік қоғамдастықтың сөзсіз қолдауы мен жүздеген миллиард доллар қажет. Аймақтық үкіметтер осыншалықты қиын мақсаттарға ресурстар жұмсаудың орнына Арал теңізі дағдарысының қазіргі және ықтимал теріс әсерін төмендетуге бағытталған әрекеттерге көңіл бөлгендері жөн. Қызметтерін жақсырақ үйлестіріп және әлемдегі басқа трансшекаралық су бассейндерінде іске асырылған ең жақсы тәжірибелерге сүйене отырып, суды ұтымды және жауапкершілікпен пайдалану және басқару тәжірибесін енгізу арқылы мәселенің салдарын жұмсарту аймақтағы барлық елдердің мүддесіне жарайды.

Жазушы: Дәурен Әбен,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сырткы катынастар және кауіпсіздік

- Кыргызстанга жасаған мемлекеттік сапары барысында Ресей Президенті Владимир Путин кыргыз әріптесі Сооронбай Жээнбековпен кездесті. Тараптар келіссөздердің қорытындысы бойынша 6 млрд. доллардан асатын екіжақты келісімдерге қол қойды. Сонымен қатар, Канттағы Ресей әуе базасының ауданын 0,6 шаршы шақырымға кеңейту және жылдық жалға алу ақысын 4,5 млн. доллардан 4,79 млн. долларға көбейтуге келісті.
- Анталияда Түркия-Ресей Жоғары деңгейлі ынтымақтастық кеңесінің шағын механизмі бойынша Түркия-Ресей Бірлескен стратегиялық жоспарлау тобының 7-ші кездесуі өтті. Түркия Сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглу мен ресейлік әріптесі Сергей Лавров Сириядағы ахуалмен қатар, екі жақты, аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.
- Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиев пен Армения Премьер-министрі Никол Пашинян Венада өткен алғашқы екіжақты ресми кездесуден кейін бейбітшілікке қолайлы жағдай туғызудың маңыздылығын және қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу үшін одан әрі нақты қадамдар жасау қажеттігін атап өтті. Тараптар кездесуді оң бағалап, келіссөздерді жалғастыруға уәде берді.
- Қытайға жасаған сапары барысында Қазақстан Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұлов қытайлық әріптесі Ван И және вице-президент Ван Чиншаньмен кездесті. Тараптар бірқатар халықаралық тақырыптар бойынша пікір алмасты және Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін, сондай-ақ, Шыңжаңда тұратын этникалық қазақтардың мәселесін талқылады.
- Ташкентте шекара қауіпсіздігіне, әсіресе, Орталық Азия аймағында қауіптерді бейтараптандыруға қажетті бірлескен шараларды келісу үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) мүше мемлекеттердің Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің отырысы өткізілді. Сондай-ақ, қатысушылар 2021-2025 жылдарға арналған сыртқы шекара қауіпсіздігін нығайту мақсатында ТМД елдерінің арасындағы ынтымақтастық туралы бағдарламаның жобасын талқылады.
- Украинада өткен президенттік сайлау нәтижесінде ешбір кандидат дауыстың басым көпшілігіне қол жеткізе алмады. Сайлаудың бірінші кезеңінде Владимир Зеленский 30,61% көрсеткішпен алға шықса, қазіргі президент Петро Порошенко 16,15%, бұрынғы премьер-министр Юлия Тимошенко 13,56% жинады. Зеленский мен Порошенко 2019 жылдың 21-сәуірінде өтетін президент сайлауының 2-кезеңінде доғаға түседі.
- Ливанда өткен салтанатты рәсім кезінде 120 қазақстандық бітімгер осы елдегі бейбітшілікті қолдау жөніндегі миссияға қосқан үлесі үшін БҰҰ-ның «Бейбітшілік қызметі үшін» медалімен марапатталды. Қазақстанның бітімгерлік ротасы 2018 жылдың қазан айында БҰҰ-ның Ливандағы Уақытша күштегіне қосылған болатын, 2019 жылдың сәуірінде екінші бітімгер тобымен ауыстырылады.

Экономика, қаржы және энергия

- Қазіргі уақытта тек жүк тасымалы үшін пайдаланылып келе жатқан Баку-Тбилиси-Карс теміржолы бойынша алғаш рет жолаушылар пойызы сынақ режимінде іске қосылды. Әзірбайжан теміржолы үшін Швейцарияның Stadler компаниясы жасап шығарған пойыз Швейцариядан Ыстамбұлға келіп, одан кейін Грузия арқылы Бакуге жол тартты. Жолаушыларға коммерциялық қызмет көрсету 2019 жылдың үшінші тоқсанында басталады деп күтілуде.
- Орталық және Оңтүстік Азия Аймақтық энергетикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобы Ашхабадта 15-ші кездесуін өткізді. Орталық Азия, Ауғанстан және Пәкістанның жауапты мемлекеттік органдары, энергетикалық компаниялардың өкілдері және халықаралық және аймақтық ұйымдардың өкілдері қатысқан іс-шарада трансшекаралық энергетика саудасы мен аймақтық энергетикалық қауіпсіздікті дамытуға бағытталған жобалар талқыланды.
- «Газпром» ААҚ Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесі төрағасының орынбасары Алексей Миллер Түрікменстан мен Кыргызстанға барды. Миллер, Ашхабадта Газпромының түрікмен газын сатып алуды қайта бастау туралы келіссөздерді жалғастыру мақсатында президент Гүрбангулы Бердімұхамедовпен кездесті. Ал Бішкекте Миллер, премьер-министр Мухаммедкалый Абылгазиевпен елдің газ тасымалдау және тарату желісін жаңарту туралы келіссөздер жүргізді.
- Азия даму банкі Үш-Қорған ГЭС-інде ескі қондырғыларды жаңарту және электр энергиясы өндірісін жасарту үшін 100 млн доллар көлемінде қаржыландыру пакетін қабылдады. Банктің 60 млн. АҚШ доллары көлеміндегі қарызы мен Азиялық Даму қорының 40 млн. АҚШ доллары көлеміндегі грантынан тұратын қаржысы Кыргызстанға энергетикалық өзін-өзі қамтамасыз етуді нығайтуға және көрші елдерге энергия экспорттау әлеуетін арттыруға көмектеседі.
- Біріккен Араб Әмірліктеріне сапары барысында Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Абу-Даби ханзадасы шейх Мұхаммед бен Зайид Әл Нахянмен келіссөздер жүргізді. Тараптар инвестиция, қаржы, баламалы энергетика, индустриалдық және инфрақұрылымдық даму, ауыл шаруашылығы және кеден әкімшілігі салалары бойынша ынтымақтастыққа 10 млрд. доллардан астам соманы құрайтын құжаттарға қол қойды.
- Монғолия үкіметінің делегациясы Ресейдің Улан-Удэ қаласына барып, құрамында 22 монғол компаниясы экспорттық өнімдерін көрсеткен «Байкал сауда-2019» деп аталатын Монғолия-Ресей бизнес-форумына қатысты. Тараптар көлік, энергетика және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаласты.
- Қытайдың ТВЕА компаниясы 2019 жылдың екінші жартысында Тәжікстанның Сутд аймағында «Жоғарғы Кумарг» алтын кенін игеруді жоспарлап отыр. Компания алтын өндіруден түскен пайданы Душанбедегі жылу электр станциясының құрылысына салынған ақшаны қайтару үшін пайдаланады. 349 млн. долларды құраған зауыт құнының 17,4 млн. доллары Тәжікстан үкіметі тарапынан жұмсалған.

Қоғам және мәдениет

- Анкарада Түркия үкіметі мен БҰҰ-ның Гуманитарлық мәселелерді үйлестіру жөніндегі басқармасы бірлесіп, Орталық Азия мемлекеттері мен Әзірбайжанның көпжақты гуманитарлық көмек жүйесі аясында өзара әрекеттесу бойынша семинар ұйымдастырды. Іс-шараның басты мақсаты екіжақты және көпжақты форматтағы гуманитарлық көмек саласындағы тәжірибе алмасуды жеңілдету болды.
- Душанбеде Тәжікстан мен Ауғанстан арасында апатты жағдайға дайындық және төтенше жағдайларда құтқару бойынша трансшекаралық ынтымақтастықты кеңейту әрекеттері аясында тәжік-ауған әйел құтқарушылар үшін алғашқы оқу-жаттығу курсы ұйымдастырылды. Бір аптаға жалғасқан шарада қатысушылар арнайы жабдықтар қолдана отырып іздеу және құтқару операцияларын жүргізуді үйренді.
- АҚШ Еңбек департаменті өзбек мақтасын балалар еңбегімен мәжбүрлеп өндірілетін тауарлар тізімінен алып тастады. Департаменттің қорытынды есебіне сай, «Өзбекстандағы мақта жинау кезінде балалар еңбегін мәжбүрлеп пайдалануға қатысты жеке-дара оқиғалар айтарлықтай азайған». 2018 жылы Өзбекстан үкіметі мәжбүрлі еңбекке тыйым салуға бағытталған бірқатар шараларды қолға алған болатын.
- Бішкекте «Азптаулардан бастап қызмет моделіне дейін: Азаматтық қоғамнан Ішкі істер министрлігіне ұсынымдар» атты тақырыпта алғашқы қоғамдық пікірталас өтті. Қырғызстандағы «Қылмыстық реформа» халықаралық кеңесінің жобасы шеңберінде ұйымдастырылған іс-шара барысында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдері елдегі азаптауды жоюға бағытталған шараларды талқылады.
- Грузия, ЕО-ға мүше 28 елдің тиісті мекемелері арасында қылмыстық істер бойынша соттық ынтымақтастық туралы ЕО агенттігі келісіміне қол қойған Оңтүстік Кавказдағы бірінші ел болды. Гаагада қол қойылған келісім Грузияға және ЕО елдеріне ұйымдасқан және трансұлттық қылмыстарға қарсы күресте тиімді қызмет етеді.
- ТҰРКСОЙ, Бельгиядағы Түркия елшілігі және Орталық Азия мемлекеттерінің Әзірбайжан, Ауғанстан, Иран және Тәжікстан елшіліктерінің қатысуымен Брюссельде дәстүрлі Наурыз мерекесін ұйымдастырды. Іс-шарада дәстүрлі киім, ұлттық тағамдар мен колонер бұйымдарымен таныстыратын көрме, сондай-ақ Түркі әлемі өнерпаздарының концерті болды.
- Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанның мәлімдемесі бойынша, Стамбулдың көрікті жерлерінің бірі және ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Аия София мұражайының заңды мәртебесі оның 1935 жылға дейінгі болған мешіт мәртебесіне қайта өзгертілуі мүмкін. Егер осылай болған жағдайда, Стамбулдағы басқа тарихи мешіттерге ұқсас барлық келушілер мен ғибадат етушілер үшін Аия Софияға кіру тегін болады.